

Тұқым шаруашылығын дамытуға жергілікті бюджеттерден атаулы субсидия беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 мамырдағы N 381 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 307 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының "Тұқым шаруашылығы туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы және "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Тұқым шаруашылығын дамытуға жергілікті бюджеттерден атаулы субсидия беру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

1 4

м а м ы р д а ғ ы

N 381 қаулысымен бекітілген

Тұқым шаруашылығын дамытуға жергілікті бюджеттерден атаулы субсидия беру ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Тұқым шаруашылығын дамытуға жергілікті бюджеттерден атаулы субсидия беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) өңірлік агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламасына сәйкес тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жергілікті өкілді орган бекіткен тұқым шаруашылығын дамытуды қолдауға арналған облыстық бюджеттік бағдарлама шеңберінде ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқым шаруашылығын дамытуға арналған субсидияларды төлеу (бұдан әрі - субсидиялау) тәртібін айқындайды.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді субсидиялау осы Ереженің 2-

тармағында көзделген бағыттардың біреуі бойынша ғана жылына бір рет жүргізіледі.

2. Субсидиялар бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның республиканың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қол жетімділігін қамтамасыз етуге арналған және заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органның тиісті шешімі негізінде мынадай бағыттар бойынша төлене
а л а д ы :

1) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымды (Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы саласындағы заңнамасына сәйкес жақын және алыс шет елдерден және республиканың басқа да облыстарынан әкелінетін тұқымды қоса алғанда) сатып алуға жұмсаған шығындарын ішінара өтеуге арналған субсидиялар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ауыл шаруашылығы саласындағы жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі - облыстың жергілікті атқарушы органы) тиісті жылдың егініне әрбір аудан үшін тұқымның әр түрі бойынша белгілеген тұқым сатып алу және қаржыландыру көлемі шегінде бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның толық құны бойынша нақты сатып алынған көлемі үшін төленеді;

2) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның құнын ішінара арзандатуға арналған субсидиялар тұқым шаруашылықтарына (бұдан әрі - тұқым шаруашылықтары) облыстың жергілікті атқарушы органы тиісті жылдың егініне әрбір аудан үшін тұқымның әр түрі бойынша белгілеген тұқым сатып алу және қаржыландыру көлемі шегінде бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арзандатылған құн бойынша нақты сатылған көлемі үшін төленеді.

Субсидиялауға тек Қазақстан Республикасында пайдалануға жол берілген немесе перспективалы деп танылған ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының тұқымы ғана жатады.

Мақта тұқымын сатып алуға ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің шығындарын ішінара өтеу және/немесе тұқым шаруашылықтарының мақта тұқымын арзандатылған бағамен сатуы кезінде 1 тоннаға субсидия мөлшері тұқымды өңдеу технологиясына (механикалық және/немесе химиялық тазарту әдісіне) байланысты белгіленеді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.09 № 544 Қаулысымен.

3. Әрбір аудан үшін тұқымның әр түрі бойынша тұқым сатып алу және/немесе сату көлемін облыстың жергілікті атқарушы органы дақылдың басымдылығын ескере отырып, егістік алқапқа тұқымға ғылыми негізделген

қажеттілік нормалары негізінде айқындайды.

Бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымды ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің сатып алуы және тұқым шаруашылықтарының сатуы облыстың жергілікті атқарушы органы белгілеген шекті бағадан аспайтын бағалар бойынша жүзеге асырылады.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге субсидиялар төлеудің негізгі өлшемі Қазақстан Республикасында пайдалануға жол берілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымын себу болып табылады.

4. Субсидия алуға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізімін және/немесе тұқым шаруашылықтарының тізімін айқындау үшін әр ауданда ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының (бұдан әрі - ауданның жергілікті атқарушы органы) шешімімен құрамында аудан әкімдігінің, ауданның ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімдерінің, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық инспекциясының, қоғамдық және ғылыми ұйымдардың қызметкерлері бар ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - ВАК) құрылады.

5. ВАК-тың жұмыс органы ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі (бұдан әрі - бөлім) болып табылады.

6. Бөлім ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден және/немесе тұқым шаруашылықтарынан құжаттарды қабылдау мерзімін және басқа да қажетті мәліметтерді көрсете отырып жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында ВАК-тың жұмыс тәртібін жариялауды қамтамасыз етеді.

2. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымды сатып алуға жұмсаған шығындарын ішінара өтеуге арналған субсидияларды төлеу тәртібі

7. Облыстың жергілікті атқарушы органы ауыл шаруашылығы дақылдарын облыста өсірудің басымдылығын және аудандардың жергілікті атқарушы органдарынан түскен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымды сатып алуға жұмсаған шығындарын ішінара өтеу жөніндегі ұсыныстарын ескере отырып маслихат облыстық бюджетті бекіткеннен кейін екі апта мерзімде облыс бойынша бекітілген субсидиялау көлемі шегінде аудандар бойынша субсидиялау келемін бекітеді және ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша тұқымның 1 тоннасына арналған субсидия мөлшерін айқындайды.

Мақта тұқымын сатып алуға ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің шығындарын ішінара өтеу кезінде 1 тоннаға субсидия мөлшері тұқымды өңдеу

технологиясына (механикалық және/немесе химиялық тазарту әдісіне)
б а й л а н ы с т ы а й қ ы н д а л а д ы .

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.09 № 544 Қаулысымен.

8. Толық құнымен сатып алынған ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымы үшін субсидия алу үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер ВАК-қа:

- 1) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысандағы өтінімді;
- 2) заңды тұлғаны тіркеу туралы құжаттың көшірмесін (жеке тұлғалар үшін - әкімнің шаруа қожалығын құруға арналған шешімінің көшірмесін);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер учаскесіне құқық белгілеуші құжаттың көшірмесін;
- 4) бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымды сатып алу фактісін растау үшін мынадай мерзімде: жаздық дақылдар бойынша - тиісті жылғы 20 маусымға дейін, ал күздік дақылдар бойынша - тиісті жылғы 10 қарашаға дейін: нақты сатып алынған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның көлемі жөніндегі тізілімді;

бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның сорттық және егу сапасын растайтын құжатты (тұқымға арналған куәлік);
тексерілген тұқымның саны мен сапасының ұлттық стандарттар талаптарына сәйкестігі туралы тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертхананың заңнамада белгіленген тәртіппен аттестатталған анықтамасын;
сатып алынған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның бастапқы төлем құжаттарының, сондай-ақ тұқымды тиеп жөнелтуге арналған жүкқұжаттың және шот-фактуралардың көшірмелерін тапсырады.

Химиялық әдіспен тазартылған мақта тұқымын сатып алған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер субсидия алу үшін қосымша мақта тұқымын химиялық әдіспен өңдеуге шарттардың көшірмелерін және химиялық әдіспен тазарту бойынша орындалған жұмыстардың актісін тапсырады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.09 № 544, 23.07.2013 № 735 қаулыларымен.

9. ВАК тапсырылған құжаттарды тексергеннен кейін осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес субсидия алуға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізімін жасайды және оны бекітуге ауданның жергілікті атқарушы органына жібереді. Осы тізімге енгізуден бас тартқан жағдайда бөлім ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге бас тарту себептерін көрсете отырып т и і с т і а н ы қ т а м а б е р е д і .

Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші тұқым шаруашылықтарынан арзандатылған құн бойынша сатып алу жүргізілген тұқым көлеміне бірінші,

екінші және үшінші көбейтілген тұқымды сатып алуға жұмсаған шығындарын ішінара өтеуге арналған субсидиялар алуға өтінім берген жағдайда, көрсетілген көлем осы Ереженің 1-тармағына сәйкес осы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге сатып алуға жұмсаған шығындарын ішінара өтеуге арналған субсидиялар бөлу жоспарланған жалпы тұқым көлемінен алынып тасталуы тиіс.

Егер тұқым сатып алуға арналған тапсырыс сомасы бөлінген бюджет қаражаты сомасынан артық болса, онда субсидиялар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өтінімдерінде көрсетілген егістік алқаптарға бара-бар бөлінеді.

10. Ауданның жергілікті атқарушы органы екі жұмыс күні ішінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізімін бекітеді.

11. Бөлім үш жұмыс күні ішінде ауданның жергілікті атқарушы органы бекіткен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізімін, сондай-ақ субсидия төлеудің негізділігін растайтын төмендегі құжаттарды мынадай мерзімде: жаздық дақылдар бойынша - тиісті жылғы 1 шілдеге дейін, ал күздік дақылдар бойынша - тиісті жылғы 20 қарашаға дейін облыстың жергілікті атқарушы органына (облыстың бюджеттік бағдарламасының әкімшісіне):

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер нақты сатып алған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның көлемі жөніндегі жиынтық тізілімді;

бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымды мақсатты пайдалану т у р а л ы а к т і н і ;

тексерілген тұқымның саны мен сапасының ұлттық стандарттар талаптарына сәйкестігі туралы тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертхананың заңнамада белгіленген тәртіппен аттестатталған анықтамасын (немесе тұқым сапасының с е р т и ф и к а т ы н) та п с ы р а д ы .

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.

12. Облыстың жергілікті атқарушы органы:

жеті жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды тексереді, облыс бойынша бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның нақты сатып алынған көлемі жөніндегі жиынтық актіні жасайды және бекітеді;

облыс бойынша бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның нақты сатып алынған көлемі жөнінде бекітілген жиынтық актілер бойынша, онда көрсетілген ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымының көлемі мен облыстың жергілікті атқарушы органы белгілеген 1 тоннаға арналған субсидиялар мөлшерлері негізінде тиесілі бюджеттік қаражаттың көлемін анықтайды;

әрбір ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші үшін белгіленген тұқым сатып алу көлемі шегінде осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл

шаруашылығы тауарын өндірушілердің бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымды сатып алуға жұмсаған шығындарын өтеуге субсидиялар төлеуге арналған жиынтық ведомості жасайды.

Төлемдер бойынша облыстық бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру жоспарларына сәйкес облыстың жергілікті атқарушы органы тиесілі субсидияларды ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің ағымдағы шоттарына аударды.

Қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне облыстың жергілікті атқарушы органы шоттар тізілімін және ақы төлеуге арналған шоттарды береді.

Бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымды мақсатты пайдалану актісінің, нақты сатып алынған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның көлемі жөніндегі жиынтық тізілімнің, облыс бойынша бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның сатып алынған көлемі жөніндегі жиынтық актінің нысандарын тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

13. Қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне тапсырылған субсидия төлеудің негізділігін растайтын құжаттардың анықтығы үшін облыстың жергілікті атқарушы органы жауапты болады.

3. Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге аттестатталған тұқым шаруашылықтары сатқан бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның құнын ішінара арзандатуға арналған субсидияларды төлеу тәртібі

14. Облыстың жергілікті атқарушы органы ауыл шаруашылығы дақылдарын облыста өсірудің басымдылығын және аудандардың жергілікті атқарушы органдарынан түскен бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның құнын ішінара арзандату жөніндегі ұсыныстарын ескере отырып маслихат облыстық бюджетті бекіткеннен кейін екі апта мерзімде облыс бойынша бекітілген субсидиялау көлемі шегінде аудандар бойынша субсидиялау көлемін бекітеді және ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша тұқымның 1 тоннасына арналған субсидия мөлшерін айқындайды.

Тұқым шаруашылықтарының мақта тұқымын арзандатылған бағамен сатуы кезінде 1 тоннаға субсидия мөлшері тұқымды өңдеу технологиясына (механикалық және/немесе химиялық тазарту әдісіне) байланысты айқындалады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.09 № 544 Қаулысымен.

15. Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арзандатылған құн бойынша нақты сатылған, Қазақстан Республикасында пайдалануға жол берілген

ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымына субсидия алу үшін тұқым шаруашылықтары ВАК-қа:

- 1) осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді;
- 2) заңды тұлғаны тіркеу туралы құжаттың көшірмесін (жеке тұлғалар үшін - әкімнің шаруа қожалығын құруға арналған шешімінің көшірмесін);
- 3) тұқым шаруашылығы мәртебесінің болуын растайтын құжаттың көшірмесін;

4) бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымды сату фактісін растау үшін мынадай мерзімде: жаздық дақылдар бойынша - тиісті жылғы 20 маусымға дейін, ал күздік дақылдар бойынша - тиісті жылғы 10 қарашаға дейін:

нақты сатылған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның көлемі жөніндегі тізілімді;

сатылған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның сорттық және егу сапасын растайтын құжаттарды (тұқымға арналған куәлік);

тексерілген тұқымның саны мен сапасының ұлттық стандарттар талаптарына сәйкестігі туралы тұқым сапасына сараптау жөніндегі зертхананың заңнамада белгіленген тәртіппен аттестатталған анықтамасын;

сатылған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның бастапқы төлем құжаттарының, сондай-ақ тұқымды тиіп жөнелтуге арналған жүкқұжаттың және шот-фактуралардың көшірмелерін тапсырады.

Химиялық әдіспен тазартылған мақта тұқымын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арзандатылған бағамен сатқан тұқым шаруашылықтары субсидия алу үшін қосымша мақта тұқымын химиялық әдіспен өңдеуге шарттардың көшірмелерін және химиялық әдіспен тазарту бойынша орындалған жұмыстардың актісін тапсырады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.09 № 544, 23.07.2013 № 735 қаулыларымен.

16. ВАК тапсырылған құжаттарды тексергеннен кейін осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес субсидия алуға арналған тұқым шаруашылықтарының тізімін жасайды және оны бекітуге ауданның жергілікті атқарушы органына жібереді. Осы тізімге енгізуден бас тартқан жағдайда бөлім тұқым шаруашылығына бас тарту себептерін көрсете отырып тиісті анықтама береді.

Егер тұқым сатып алуға арналған өтінімдердің сомасы бөлінген бюджет қаражаты сомасынан артық болса, онда субсидиялар тұқым шаруашылықтарының өтінімдерінде көрсетілген көлемге бара-бар бөлінеді.

17. Ауданның жергілікті атқарушы органы екі жұмыс күні ішінде тұқым шаруашылықтарының тізімін бекітеді.

18. Бөлім үш жұмыс күні ішінде ауданның жергілікті атқарушы органы бекіткен тұқым шаруашылықтарының тізімін, сондай-ақ субсидия төлеудің

негізділігін растайтын төмендегі құжаттарды мынадай мерзімде: жаздық дақылдар бойынша - тиісті жылғы 1 шілдеге дейін, ал күздік дақылдар бойынша - тиісті жылғы 20 қарашаға дейін облыстың жергілікті атқарушы органына (облыстың бюджеттік бағдарламасының әкімшісіне):

нақты сатылған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның көлемі жөніндегі жиынтық тізілімді;

бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымды мақсатты пайдалану туралы актіні;

тексерілген тұқымның мөлшері мен сапасының ұлттық стандарттар талаптарына сәйкестігі туралы тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертхананың заңнамада белгіленген тәртіппен аттестатталған анықтамасын (немесе тұқым сапасының сертификатын) тапсырады.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.

19. Облыстың жергілікті атқарушы органы:

жеті жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды тексереді, облыс бойынша бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның нақты сатылған көлемі жөніндегі жиынтық актіні жасайды және бекітеді;

облыс бойынша бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның нақты сатылған көлемі жөнінде бекітілген жиынтық актілер бойынша, онда көрсетілген ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымының көлемі мен облыстың жергілікті атқарушы органы белгілеген 1 тоннаға арналған субсидиялар мөлшерлері негізінде тиесілі бюджет қаражаттың көлемін анықтайды;

әрбір тұқым шаруашылығына белгіленген тұқым сату көлемі шегінде осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның құнын ішінара арзандатуға субсидиялар төлеуге арналған жиынтық ведомості жасайды.

Төлемдер бойынша облыстық бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру жоспарларына сәйкес облыстың жергілікті атқарушы органы тиесілі субсидияларды тұқым шаруашылықтарының ағымдағы шоттарына аударады.

Қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне облыстың жергілікті атқарушы органы шоттар тізілімін және ақы төлеуге арналған шоттарды береді.

Бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымды мақсатты пайдалану актісінің, нақты сатылған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның көлемі жөніндегі жиынтық тізілімнің, облыс бойынша бірінші, екінші және

үшінші көбейтілген тұқымның сатылған көлемі жөніндегі жиынтық актінің нысандарын тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

20. Қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне тапсырылған субсидия төлеудің негізділігін растайтын құжаттардың анықтығы үшін облыстың жергілікті атқарушы органы жауапты болады.

4. Бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымды арзандатуға бөлінген қаражаттың пайдаланылуын мемлекеттік бақылау

21. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

22. Облыстың жергілікті атқарушы органы бюджет қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

Ережеге 1-қосымша

_____ ауданының
ведомствоаралық комиссиясына

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.18 № 613 Қаулысымен.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымды сатып алуға жұмсаған шығындарын ішінара өтеуге арналған субсидияны алуға өтінім

1. _____ негізінде әрекет ететін
(қ ұ р ы л т а й қ ұ ж а т ы)

_____ (ауылшартауарын өндіруші)
бірінші басшысы _____ атынан
(Т . А . Ә . , л а у а з ы м ы)

осымен _____ тонна мөлшерінде сатып алынған және егіс жұмыстарын жүргізуге пайдаланылған _____

(ауыл шаруашылығы дақылы, сорты, көбейтілуі)
тұқымына жұмсалған шығындарды ішінара өтеуге субсидия бөлуді сұрайды.

2. Пайдалану мақсатының қысқаша сипаттамасы: _____

3. Өтінімге мыналар қоса беріліп отыр:
 заңды тұлғаны тіркеу туралы құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін - әкімнің шаруа қожалығын құруға арналған шешімінің көшірмесі);
 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер учаскесіне құқық белгілеуші құжаттың көшірмесі;
 Қазақстан Республикасының салық төлеушісі куәлігінің көшірмесі;
 шот-фактура, төлем құжаттары, тауарлық-көлік жүкқұжаттары және басқа да растайтын құжаттар;
 ағымдағы шоттың болуы туралы екінші деңгейлі банктің анықтамасы.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің заңды мекен-жайы және банктік деректемелері _____

(Т.А.Ә., қолы, мөрі)

Ережеге 2-қосымша

Б е к і т е м і н

_____ облысы
 _____ ауданының әкімі

(Т.А.Ә., қолы, мөрі)

200 __ жылғы»" __ " _____

Субсидия алатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізімі

Шаруашылықтың атауы	Дақыл	Сорт	Көбейтілген тұқым	Тұқым сатып алынған күн	Тұқымға субсидия беруге нақты тапсырылған құжаттар, тонна	Сатып алынған тұқымның 1 тоннасына арналған субсидияның мөлшері, теңге	Тиесілі субсидия сомасы, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8
ЖИЫНЫ:							

ВАК төрағасы _____

(қ о л ы , Т . А . Ә .)

ВАК мүшелері _____

(қ о л ы , Т . А . Ә .)

(қолы, Т.А.Ә.) (қолы, Т.А.Ә.)

Ережеге 3-қосымша

Б е к і т е м і н

_____ облысы
ауыл шаруашылығы департаментінің бастығы

(Т.А.Ә., қолы, мөрі)

200__ жылғы " __ " _____

200__ жылғы " __ " _____ кезеңі үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымды сатып алуға жұмсаған шығындарын өтеуге субсидиялар төлеуге арналған жиынтық ведомость

Ауданның атауы	Шаруашылық атауы	Дақыл	Сатып алынған күн	Тұқым сатып алудың жылдық көлемі		Белгіленген көлем шегінде тұқымға беруге нақты тапсырылған құжаттар, тонна	
				тонна	сума (теңге)	жыл басынан	200__ ж. " __ " _____ мен " __ " _____ аралығында
1	2	3	4	5	6	7	8
ЖИЫНЫ:							

кестенің жалғасы

Сатып алынған тұқымның тоннасына арналған субсидия мөлшері, теңге	1	Жыл басынан бастап тиесілі субсидия сомасы, теңге	Жыл басынан бастап төленгені, теңге	Тиесілі субсидия сомасынан қалғаны, теңге	200__ж." __ " _____ белгіленген көлем шегінде төленуге тиісті, теңге
9	10	11	12	13	

_____ облысы Ауыл шаруашылығы департаментінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы

(Т.А.Ә., қолы)

_____ ауданының
ведомствоаралық комиссиясына

Ескерту. 4-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.18 № 613
Қаулысымен.

**Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылған
бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның құнын
ішінара арзандатуға арналған субсидияны алуға арналған өтінім**

1. _____ негізінде әрекет ететін
(қ ұ р ы л т а й қ ұ ж а т ы)

_____ (т ұ қ ш а р)

бірінші басшысы _____ атынан
(Т . А . Ә . , л а у а з ы м ы)

осымен _____ тонна мөлшерінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын
өндірушілерге сатылған және егіс жұмыстарын жүргізуге пайдаланылған

_____ (ауыл шаруашылығы дақылы, сорты, көбейтілуі)
тұқымының құнын ішінара арзандатуға субсидия бөлуді сұрайды.

2. Пайдалану мақсатының қысқаша сипаттамасы:

3. Өтінімге мыналар қоса беріліп отыр:

заңды тұлғаны тіркеу туралы құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар
үшін - әкімнің шаруа қожалығын құруға арналған шешімінің көшірмесі);

Қазақстан Республикасының салық төлеушісі куәлігінің
к ө ш і р м е с і ;

шот-фактура, төлем құжаттары, тауарлық-көлік жүкқұжаттары
және басқа да растайтын құжаттар;

екінші деңгейлі банктің ағымдағы шотының болуы туралы
анықтамасы.

**Тұқым шаруашылығының заңды мекен-жайы және банктік
деректемелері: _____**

_____ (Т.А.Ә., қолы, мөрі)

Ережеге 5-қосымша

Б е к і т е м і н

_____ облысы
_____ ауданының әкімі

(Т.А.Ә., қолы, мөрі)

200 __ ЖЫЛҒЫ " __ " _____

Субсидия алатын тұқым шаруашылықтарының тізімі

Шаруашылықтың атауы	Дақыл	Сорт	Көбейтілген тұқым	Тұқым сатылған күн	Тұқымға субсидия беруге нақты тапсырылған құжаттар, тонна	Сатылған тұқымның 1 тоннасына арналған субсидия мөлшері, теңге	Тиесілі субсидия сомасы, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8
ЖИЫНЫ:							

ВАК төрағасы _____

(қолы, Т.А.Ә.)

ВАК мүшелері _____

(қолы, Т.А.Ә.)

(қолы, Т.А.Ә.)

(қолы, Т.А.Ә.)

Ережеге 6-қосымша

Бекітемін

_____ облысы

ауыл шаруашылығы департаментінің бастығы

(Т.А.Ә., қолы, мөрі)

200 __ ЖЫЛҒЫ " __ " _____

200 __ ЖЫЛҒЫ»" __ " _____ -»" __ " _____ кезеңі үшін отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдардың құнын ішінара арзандатуға субсидиялар төлеуге арналған жиынтық ведомость

Ауданның атауы	Шаруашылықтың атауы	Дақыл	Сатып алынған күні	Тұқым сатудың жылдық көлемі		Нақты тұқымдарға субсидия беруге тапсырылған құжаттар, тонна	
				_____ тонна	_____ тонна	_____ тонна	_____ тонна
							200_ ж. " __ " мен

					с о м а (теңге)	ж ы л басынан	" _ _ " аралы . ғында
1	2	3	4	5	6	7	8
ЖИЫНЫ:							

кестенің жалғасы

Сатылған тұқымның тоннасына арналған субсидия мөлшері, теңге	1	Ж ы л басынан бастап тиесілі субсидия сомасы, теңге	Жыл басынан бастап төленгені, теңге	Тиесілі субсидия сомасынан қалғаны, теңге	200__ж." __ " ____ белгіленген сату көлемі шегінде төленуге тиісті, теңге
9	10	11	12	13	

_____ облысы ауыл шаруашылығы департаментінің
құрылымдық бөлімшесінің басшысы
(Т.А.Ә., қолы)